

№34 орта мектебі бойынша  
Қамқоршылық кеңес отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

07.04. 2023 жыл

Ақтөбе қаласы

**Қатысқандар:**

*Комиссия мүшелері-9*

*Қатысқаны -11*

*Мектеп директоры А.Ж.Айзакова*

*Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева*

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп директорының 2022 жылы бойынша атқарылған жұмысы туралы есебі
2. Патриоттық тәрбие айлығын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына қатысу
3. Келесі оқу жылына арналған мектеп формасы
4. Әр түрлі мәселелер (Жаз мезгіліндегі оқушының өмір қауіпсіздігі, Жаз мезгілінде балаларды үлкендердің қарауынсыз суға, көлге жібермеу, өрт қауіпсіздігін сақтау, ойын алаңдарында, аттракциондарда балалардың қауіпсіздігі, биік ғимараттардың терезелерінен, балкондардан, шатырлардан құлауымен байланысты болатын қайғылы оқиғалардың алдын алу, терезелерден құлап кету оқиғасына жол бермеу т.б)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Ж.Айзакова алды: 2022 жылы республикалық бюджеттен 91 438 773,76тг бөлініп, үш ай демалыста мектеп толық күрделі жөндеу жұмысынан өтті. Ол қаражатқа мектептің толық есіктері, толық жылу қуатының жүйесі, пожарный шкафтар, толық салқын су келетін құрылғылар, кәріс ауыстырылды, су ысытқыш құралдар алынып, орнатылды. Сонымен қатар мектептің ішкі қабырғалары, төбелері барлығы толығымен қырылып, қайта сыланып, ақталды. 1 қабаттың еденіндегі кафелдер, 1-3 қабаттың әжетханаларындағы кафелдер толық ауыстырылып, санузелдер жаңартылды. Асхананың жары мен еденіндегі кафель толық ауыстырылып, жаңадан санузелдер ауыстырылды. 1-3 қабат бойынша еденіндегі линолеумдар жаңартылып, 3 қабатқа армстронк салынып, 1-2 қабаттікі жаңартылды. Лесницалар жаңартылып, мектеп ауласына бручатка төселінді. Мектептің қырысасы толық ауыстырылды. Сонымен қатар ер балаларға арналған көркем еңбек пәнінің кабинеті толық күрделі жөндеуден өтті, яғни есік- терезелері ауыстырылды, қабырғалары қырылып, қайта сыланды, әжетхана кіргізілді.

Ата-аналардың өтініштері негізінде материалдық көмек көрсетуге мұқтаж әр оқушының құжаттары тексеріліп, отбасының тұрмыстық жағдайлары зерттелінді. Демеушілер іздестіру мақсатында жеке кәсіпорындарға, мекемелерге сұраныс хаттар жіберілді. «Мектепке жол» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясы аясында Астана ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен мектебіміздегі 2 оқушыға Тұрар Сезім, Маратова Аишаға 7000 тг, 10000 тг сертификат беріліп, "Қалам" дүкенінен мектепке қажетті оқу құралдарын алды.

ҚББ ұйымдастыруымен "Самұрық-Қазына" компаниясының демеушілігімен мектеп табалдырығын алғаш аттаған (1 класс) жекелеген санаттағы 4 оқушыға Ғабитқызы Ақниет, Ғабитқызы Актілек, Аманкелді Алдияр, Жарылғасова Күнсұлуға мектеп сумкасы және оқу тарту етілді. М-Ломбард компаниясы оң жауап қайтарып, мектебіміздегі 2 көп балалы отбасы, 3 ерекше оқушыға 37 500 теңгеден (5 оқушыға), жалпы суммасы 187 500тг қаржылай көмек көрсетті.

Мектебіміздің түлегі жеке кәсіпкер, қамқоршылық кеңес мүшесі Құдайбергенов Оралдың демеушілігімен 100 000 теңгеге тамыз айында әлеуметтік көмекті қажететін 10 оқушыға оқу сумкалары мен оқу құралдарын, желтоқсан айында **102 510 теңгеге** жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жекелеген санаттағы **8 оқушыға қыстық етік** алып берді. 25 желтоқсан күні мектебіміздегі аз қамтылған 2 оқушы Аманкелді Нұрасыл (5ә кл), Қалдыбек Дәнекер (6б кл) Өнер орталығында Президент атынан өткізілген «Қош келдің, Жаңа жыл-жаңа белес, жаңа арман!» атты жаңа жылдық шыршаға қатысып, 100 000 тг қаржылай көмек (сертификат), жаңа жылдық тәттілер салынған рюкзак және ертегілер кітабы берілді. Астана ауданы әкімі өткізген жаңа жылдық шыршаға жекелеген санаттағы 4 оқушы Аманкелді Ерқанат (4ә кл.), Нұрбергенова Еркеназ (3а кл), Шакиев Абу (4ә кл), Аманжан Арсен (4ә кл) қатысып, жаңа жылдық сыйлықтар берілді. Қала әкімінің атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық болмауына байланысты мектебіміздегі аз қамтылған 13 оқушыға, 3 инклюзивті білім алатын оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар берілді.

Ақпан айында Турцияда болған табиғи апаттан зардап шеккендерге көмек ретінде мектеп мұғалімдері және ата-аналар тарапынан Турция еліне 54 500 тг қаржылай қолдау жасады. Қасиетті Рамазан (наурыз) айында мектеп мұғалімдері және мектеп шәкіртінің демеушілігімен 50 000 тг мектебіміздегі аз қамтылған, көп балалы 7 отбасыға (4б класс Исмағұл Айша, Нұрша, 4б класс Аманкелді Ерқанат, 8а класс Кенжебаева Нұрби) азық-түлік таратылды. 2023 жылдың сәуір айында мектеп мұғалімі Балзия Жұмакаевна көп балалы отбасынан шыққан Молдабаев Нұралиге 16 300 тг кроссовки және күз куртка алып беріп, оқушыны қуантты.

Келесі сөз мектептің қамқоршылық кеңісінің төрайымы А.А.Кокимоваға берілді. Мектеп директорының атқарған жұмысына өз алғысын білдіре отырып, келесі мәселе мектептің патриоттық тәрбие айлығын ұйымдастыруда өз үлестерімізді қосып, белсенділік танытып оқушыларға патриоттық тәрбие беруде өз үлестерін қосуға шақыратынын айтты. Алдағы мамыр айында келе жатқан Отан қорғаушылар күнін өткізуге, ҰОС Жеңістің 78 жылдығына арналған іс-шарада демеушілік көрсетіп қала деңгейінде шараларға белсенділікпен қатысуға өз ұсынысын айтты. Мүмкіндігі келгенше Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне немесе тыл ардагерлеріне көмек көрсету жайлы да айтып өтті.

Бұл мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Сагинтаева Калия Сагинтаевна қолдап, өзінің тарапынан көмек болатынын айтты. Қалған қамқоршылық кеңес мүшелері де қолдады.

Келесі мәселе бойынша А.А.Кокимова келесі оқу жылының мектеп формасы туралы сөз қозғады. Қазақстанда мектеп формасына қойылатын талаптар өзгереді деген ақпарат ҚР оқу-ағарту министрінің тиісті бұйрығында хабарланған болатын. Бұйрық 2023-2024 оқу жылында күшіне енеді. Яғни біздер оқушыларға осы мәселе бойынша мектеп формасын талқылап, нақты шешімді ата-аналарға хабарлау үшін класс жетекшілерге шешімді айтуымыз керек. Бұйрықта келесі тармақтарға өзгерістер енгізілген: 9-тармақ: «Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, белдемше, шалбар, түймелері немесе бекіткіші бар трикотаж кардиган (бомбер), классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады». «Ер балаларға арналған мектеп формасы үсті: негізгісі – жилет мерекелік жейде (күннің суық мезгілінде – пиджак, трикотаж жилет) Асты: классикалық үлгідегі шалбар(ұзындығы –тобықты жауып тұрады) Жилеттің кеуде ойығы өте үлкен болмауы керек» **14-тармақ:** "Мектеп формасына орта білім беру ұйымының ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер, шеврон және т.б.) орналастыруға рұқсат етіледі" **19тармақ:**"Мектеп формасының түсін, фа сонын таңдауды және юбканың ұзындығын орта білім беру ұйымы мен кеңес (мектеп кеңе

сі, қамқоршылық кеңес, ата-аналар кеңесі) айқындайды, жалпы мектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі",-делінген.

Осы орайда қыз балаларға үсті: жилет, ақ жейде, қос бантик (күннің суықты мезгілінде –пиджак), асты: юпка (үлгісінің суреті қосымша тіркеледі), (ұзындығы тізе тұсында және 5см-ге дейін жоғары не төмен болмауы керек) Жилеттің кеуде ойығы өте үлкен болмауы жәнеде шаш бояуға рұхсат етілмеу керек деп ойлаймын. Ер балаларға үсті: негізгісі – жилет, ақ көйлек (күннің суық мезгілінде – пиджак) Асты: классикалық үлгідегі шалбар(ұзындығы –тобықты жауып тұрады) Жилеттің кеуде ойығы өте үлкен болмауы жәнеде қысқартылған шаш үлгісі керек. Мектеп формасының түсі қою кара көк түс болғаны жақсы деп ойлаймын.

Келесі сөз кезегін Избасханова Бағымжан Ерсегізқызы алды: таңдалып тұрған мектеп формасын қолдайтынын жеткізді. Себебі, қыз балаларған дене шынықтыру болатын күні бастауыш кластардың қыз балаларына сарафанды киіп-шешуі қиындық тудыратынын айтты. Ер балаларға костюм шалбарды бір оқу жылының басында алып қойса, салқын уақытта педжактарын киюге ыңғайлы екенін жеткізді. Дене шынықтыруда балаларға бұрынғы форма қала бергеніде дұрыс деп айтты. Қалған қамқоршылық кеңес мүшелері бір ауыздан қолдады.

Қамқоршылық кеңес мүшесі полиция капитаны, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор Мурсалова А.А сөз алды: Ауа-райының жылынуына, күннің ұзаруына байланысты, кешкілік уақытта оқушылардың ата-аналардың қарауынсыз көшеде серуендеп жүру әдеттерінің басталатындығын айтты. Мектеп оқушыларының бей-мезгіл уақытта жүрмес үшін қамқоршылық кеңес мүшелерін түнгі рейдтік шараларға қатысуға шақырды. Сонымен қатар алдағы ата-аналар жиналысында төмендегі мәселелер қаралып, ата –ана мен оқушыларға түіндірме жұмыстарын жүргізуді сұрады. Яғни, жаз мезгілінде оқушының өмір қауіпсіздігі, жаз мезгілінде балаларды үлкендердің қарауынсыз суға,көлге жібермеу, өрт қауіпсіздігін сақтау, ойын алаңдарында, аттракциондарда балалардың қауіпсіздігі, биік ғимараттардың терезелерінен, балкондардан, шатырлардан құлауымен байланысты болатын қайғылы оқиғалардың алдын алу, терезелерден құлап кету оқиғасына жол бермеу т.б . Кеңес мүшелері мақұлдады.

Төмендегідей шешім қабылданды:

2023 жылдың 07 сәуірдегі Ақтөбе қаласындағы №34 орта мектебінде қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы болып өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелері төмендегідей шешім қабылдады:

1. №34 орта мектебінің директоры А.Ж.Айзакованың есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Патриоттық тәрбие айлығын ұйымдастыруда қамқоршылық кеңес мүшелері қатыстырылсын.
3. Келесі оқу жылының мектеп формасының түсі қыз балалар мен ер балаларға қою кара көк, қыз балаларға үсті: жилет, ақ жейде, қос бантик (күннің суықты мезгілінде –пиджак), асты: юпка (үлгісінің суреті қосымша тіркеледі), ұзындығы тізе тұсында және 5см-ге дейін жоғары не төмен болмауы жәнеде шаш бояуға рұхсат етілмеу керек.  
Ер балаларға үсті: негізгісі – жилет, ақ көйлек (күннің суық мезгілінде – пиджак)  
Асты: классикалық үлгідегі шалбар(ұзындығы –тобықты жауып тұрады) Қыз

балалар мен ербалалар жилетінің кеуде ойығы өте үлкен болмауы және ер балаларда қысқартылған шаш үлгісі болуы керек деп бекітілсін.

Дене шынықтыру сабағының киім үлгісі 1-11 класс оқушыларында: қыз балаларға — ақ футболка, кара түсті лосина болмаса трико, ер балаларға — ақ футболка, кара трико немесе шорты, ақ табанды ақ кеды деп 2023-2024 оқу жылына өзгеріссіз қалдырылсын.

4. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейдтік шараларды жүргізуде бірлескен жұмыстар атқарылсын.
5. Ата-аналар жиналысында жаз мезгіліндегі оқушының өмір қауіпсіздігі, жаз мезгілінде балаларды үлкендердің қарауынсыз суға, көлге жібермеу, өрт қауіпсіздігін сақтау, ойын алаңдарында, аттракциондарда балалардың қауіпсіздігі, биік ғимараттардың терезелерінен, балкондардан, шатырлардан құлауымен байланысты болатын қайғылы оқиғалардың алдын алу, терезелерден құлап кету оқиғасына жол бермеу мәселелері қаралсын, оқушылармен түсіндірме жұмыстары класс жетекшілер тарапынан жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Кокимова Айнагуль Айжариковна

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Мұқанов Әлімбек Серғалиұлы

Сагинтаева Калия Сагинтаевна

Құдайберген Орал Болатович

Мурсалова Акмарал Аманғалиевна

Аймағамбетов Еділ Қонайұлы

Даржанов Сакен Арыстанғалиұлы

Избасханова Бағымжан Ерсегізқызы

Балышов Ұбынғабас Бақытович